

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Кішікүм ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 227 шешімі. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 99 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 15.09.2023 № 99 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Кішікүм ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Кішікүм ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Шілікті ауылы, Қарашоқат, Шоқысу, Ақеспе стансаларының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

C. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2022
жылғы 28 сәуірдегі № 227 шешіміне 1
қосымша

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Кішікүм ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Кішікүм ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы

" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және Кішікүм ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны–ауылдық округтің тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыннын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыннын Кішікүм ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Кішікүм ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Бөлек жергілікті қоғамдастық жиыннын өткізуді Кішікүм ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның ашылуы алдында тиісті участекден қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы участекде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыннын Кішікүм ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Кішікүм ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудандық мәслихат бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Кішікүм ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Шалқар аудандық мәслихатының 2022
жылғы 28 сәуірдегі № 227 шешімне 2
қосымша

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Кішікүм ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Шілікті ауылы, Қарашоқат , Шоқысу, Ақеспе стансаларының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Елді мекеннің атауы	Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерінің саны (адам)
1.	Кішікүм ауылдық округінің Шілікті ауылының Теректі көшесі тұрғындары үшін	1
2.	Кішікүм ауылдық округінің Шілікті ауылының Толағай көшесі тұрғындары үшін	1
3.	Кішікүм ауылдық округінің Шілікті ауылының Достық көшесі тұрғындары үшін	1
4.	Кішікүм ауылдық округінің Шілікті ауылының Мендікөл және Сарәзек көшелері тұрғындары үшін	1
5.	Кішікүм ауылдық округінің Шілікті ауылының Сарбұлақ және Сартепсең көшелері тұрғындары үшін	1
6.	Кішікүм ауылдық округінің Шілікті ауылының Бейбітшілік және Жалауалы көшелері тұрғындары үшін	1

7.	Кішікүм ауылдық округінің Шілікті ауылының Теміржолшылар көшесі тұрғындары үшін	1
8.	Кішікүм ауылдық округінің Шілікті ауылының Қоңыртөбе, Шілікті және Мұрынқұм көшелері тұрғындары үшін	1
9.	Кішікүм ауылдық округінің Қарашоқат стансасының Спандияр Көбеев көшесі тұрғындары үшін	1
10.	Кішікүм ауылдық округінің Қарашоқат стансасының Женіс көшесі тұрғындары үшін	1
11.	Кішікүм ауылдық округінің Қарашоқат стансасының Атақоныс және Кішікүм көшелері тұрғындары үшін	1
12.	Кішікүм ауылдық округінің Шоқысу стансасының Сарыжайлау көшесі тұрғындары үшін	1
13.	Кішікүм ауылдық округінің Шоқысу стансасының Жерүйық көшесі тұрғындары үшін	1
14.	Кішікүм ауылдық округінің Шоқысу стансасының Жастар және Құлагер көшелері тұрғындары үшін	1
15.	Кішікүм ауылдық округінің Ақеспе стансасының тұрғындары үшін	1
Барлығы		15

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК